

03.02.2023ж.

№ 3 Алматы ауданы қалалық полиция бөлімінің аға лейтенанттары Арман Сексенбаев, Ақбота Бактыгереева, Ақтөбе облысының ғылыми-практикалық орталығының әдіскері Алтынай Картбаева мектеп оқушыларымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу» профилактикалық дәріс өткізді. "Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі" тақырыбы көтерілді. Дүниежүзіндегі сияқты Қазақстанда балалар, үйде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық-зомбылықпен ұшырасып отырады, алайда осы кезге дейін қоғам бұл проблемаға зейін қоймаған. Балалар, ересектер сияқты негіз қалаушы құқықтарға, яғни: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттың абыройын сақтау, Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген заң тұрғысынан қатаң қорғалуына құқылы. Шабуыл нысанына (жанды және жансыз) зиян келтіруші, адамдарға физиологиялық залал келтіретін немесе психологиялық жайсыздық тудыратын қоғамда адам өмір сүруінің нормалары мен ережелеріне қарсы бүлдіргіш жүріс-тұрыс ретінде агрессияны анықтауға болады «Зорлық-құқықтарына ие, сондай-ақ, Адам құқығының жалпыға ортақ Декларациясында мен Азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Конституциясында және өзге де заңдарында көзделген заң тұрғысынан қатаң қорғалуына құқылы. Қонақтар оқушылары өз құқықтарын білуге, егер қандай да бір мәселелер туындаса, олардың қызметтеріне хабарлауын сұрады.



14.02.2023ж.

«2023 жылдың 13 ақпанында сағат 7:50-де Петропавл қаласындағы № 4 орта мектептің 9-сынып оқушысы сабаққа келіп, сөмкесінде балта мен пышақ алып келген. Сабақ басталар алдында ол үш баланы - екі ұл мен бір қызды жаралаған. Полицейлер кәмелетке толмаған адамды ұстады, осы факті бойынша ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі – 99-бабының 2-бөлігінің 1-тармағы, 14-тармағы «Адам өлтіруге оқталу» бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды». Мектеп әкімшілігі бұл жаналықты оқушыларға хабардар етіп, құқық бұзушылықтан алыс болуын ескертті. Кез келген құқық бұзушылықтың жазаланатынын есте ұстауы керектігі айтылды. Мектепке әкелуге тыйым салынған заттар туралы да еске салынды.



